

**Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округіне қарасты Құмкөл ауылының Т.Батыршин, Сасан би, Қабанбай батыр көшелеріне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № 21 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 қарашада № 6323 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № 12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 03.07.2020 № 12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2019 жылғы 08 қазандағы № 1232 ұсынысы негізінде, Құмкөл ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округіне қарасты Құмкөл ауылының Т. Батыршин, Сасан би, Қабанбай батыр көшелеріне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Құмкөл ауылдық округінің әкімі*

*Т. Көнекбаев*